

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

География және табиғатты пайдалану факультеті

Метеорология және гидрология кафедрасы

«Бекітемін»

География және табиғатты
пайдалану факультетінің

Ғылыми кеңесінде

№ хаттама «» 2016 ж.

Факультет деканы

Сальников В.Г. _____

БАҒДАРЛАМА

оқу практикасы

(мамандық 5В061200 – Метеорология)

Курс 1

Семестр 2

Практика ұзақтығы – 3 апта

Тәжірибе бағдарламасы оқу жоспары негізінде жасалынған
«5В061200 – Метеорология» мамандығы бойынша оқыту

АЛМАТЫ, 2016

Тәжірибе бағдарламасы «5В061200 – Метеорология» мамандығының экспериментальді білім беру бағдарламасы және оқу жоспарына сәйкес метеорология және гидрология кафедрасының аға оқытушылары Сулейменова Ғ.Т., Сулейменова А.Т., Жексенбаева А.К.

Метеорология және гидрология кафедрасының мәжілісінде бекітілген

« »

2016 ж.

Хаттама №

Метеорология және гидрология кафедрасының меңгерушісі

Р.Г. Абдрахимов

География және табиғатты пайдалану факультетінің әдістемелік комиссиясымен мақұлданған

« »

2016 ж.

Хаттама №

Әдістемелік кеңесінің төрайымы _____ Ж.Н. Алиева

1. ПРАКТИКАНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ШЕШЕТІН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Метеорологиядан оқу практикасы үшінші семестрден кейін 3 апта ішінде жүргізіледі. Оқу практикасы Қазгидромет жүйесінің әр түрлі физико-географиялық орналасуына байланысты метеорологиялық станцияларының жұмыс істеу бағдарламасымен таныстырады.

Практиканың негізгі мақсаты: жеке бақылаулар нәтижесін талдау арқылы теориялық курста өткен “Метеорология бойынша лабораториялық практикум” пәнінен алған білімдерін нығайту.

Практиканың шешетін мәселелері:

- техникалық қауіпсіздік ережелерін үйрену;
- метеостанция жұмысымен танысу;
- метеорологиялық аспаптардың құрылысымен және метеорологиялық алаңмен танысу;
- метеорологиялық станцияның “Техникалық жұмысын” құрастыру;
- бұлттылыққа, атмосфералық құбылыстарға, ауа және топырақ температурасына, атмосфералық жауын-шашынға, желге бақылаулар жүргізу;
- метеорологиялық бақылаулар нәтижелерін өңдеу;
- ТМ-1, ТМ-2, ТМ-3, ТМ-14 кестелерін толтыру;
- телеграммалар құрастыру.
- ауа райы күйіне шолу жасауды үйрену.

Оқу практикасы Қазгидромет жүйесінің әр түрлі физико-географиялық орналасуына байланысты (таулы және далалық) метеорологиялық станцияларының жұмыс істеу бағдарламасымен таныстыру мақсатында студенттерді сол метеостанцияларға апаруды жоспарлайды.

2. ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Практика жетекшісінің міндеттері:

- практикаға жіберілген студенттердің медициналық тексерістен өтуін қадағалау;
- практика басталғанға дейінгі барлық ұйымдастыру жұмыстарын жасау (Техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау инструктажын өткізу, практиканың жүргізу ережелерін, мақсты мен шешетін мәселелерін түсіндіру және т.б.);
- оқу жоспары бойынша практиканың өту тәртібін сақтау;
- практиканттарды жұмыс орындарына бөлу;
- жеке жұмыс жоспарын жасау;
- барлық жұмыстарды дер кезінде орындап, есеп беруді құрыстаруды тексеру;
- жасалған есеп беруді тексеріп, оларды қорғауды ұйымдастыру.

Студенттердің практика кезіндегі міндеттері:

- техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін үйрену және қатаң сақтау;
- әдістемелікте көрсетілген жұмыстарды өздігінше орындау; түсініксіздік тудырған сұрақтарды оқытушымен бірге шешу;
- бақылау алдында аспаптарды тексеру, егер аспаптар дұрыс жұмыс істемесе, оларды жөндеу немесе ауыстыру;
- құралдарды, аспаптарды, қондырғыларды және оқу әдебиеттерін ұқыпты пайдалану;
- теориялық білімді нығайту, мамандық бойынша практика жүзінде кәсіптік дағдылану;
- КазҰУ метеостанциясының бақылау тәртібі мен ережелерін сақтау;
- жасалған жұмыстар мен олардың нәтижелеріне жауапкершілікпен қарау;
- практика жетекшісі мен метеостанция бастығының практикаға қатысты тапсырмаларын орындау.
- әрбір жұмысқа және сынаққа тыңғылықты дайындалу;
- практикалық есеп беруді бекітілген ережелер бойынша дайындау;
- практика есебі өндірістік СТП 154-35-96 стандартқа сәйкес қатаң түрде орындау.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Апта	Жасалатын жұмыстар	Бақылау түрі
1	Студенттерді Алматы қаласындағы метеорологиялық станцияға, Үлкен Алматы көлі метеостанциясына алып бару, метеорологиялық бақылаулардың тәртібімен және бақылау мерзімдерімен танысу.	Алған білімдерін есеп беру құжатына енгізу
1	1. Техника қауіпсіздігі ережесін оқыту. 2. Метеорологиялық бақылаулардың тәртібімен және бақылау мерзімдерімен танысу (1-2 күні).	Техника қауіпсіздігінен сынақ
2-3	1. Метеорологиялық бақылаулар жүргізу. 2. Бройдо бойынша жұмыстарды орындау: а) № 1 жұмыс «Ауа райы мәліметін жасау» (48-49 беттер). б) № 2 жұмыс «Салыстырмалы түрде метеорологиялық өлшемдердің тәуліктік жолын талдау» (49-52 беттер). в) № 3 жұмыс «Ауа райын құрастыру» (52-56 беттер).	№ 1 жұмыс бойынша сынақ № 2 жұмыс бойынша сынақ № 3 жұмыс бойынша сынақ

3	Практика бойынша есеп дайындау және тапсыру.	Практика бойынша есеп беру.
---	--	-----------------------------

4. ПРАКТИКА БОЙЫНША ЕСЕП БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе.

1. Метеорологиялық станцияның “Техникалық жұмысын” құрастыру.
 - 1.1. Станцилардың физико-географиялық сипаттамалары.
 - 1.2. Метеоалаңда және метеостанцияда қолданылатын аспаптар.
 - 1.3. Бақылау мерзімдері.
2. Ауа райы мәліметтерін құрастыру.
3. Метеорологиялық элементтердің күндізгі жүрісін талдау.
4. Ауа райы күйіне шолу жасау.

Қорытынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

Қосымша.

5. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бройдо А.Г. Руководство к учебной практике по метеорологии. Л.: Ленинградский Гидрометинститут. 1971. 160б.
2. Матвеев Л.Т. Курс общей метеорологии. Физика атмосферы. Л.: Гидрометеоиздат. 1984. 751б.
3. Научно-прикладной справочник по климату СССР. Серия III. Л.: Гидрометеоиздат. 1989. В. 18. Ч.1-6. 514б.
4. Матвеев Л.Т. Физика атмосферы. Л.: Гидрометеоиздат. 2000. 770б.